**«Құрман орта мектебі» КММ**

# 2023- 2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының

# Е С Е Б І

## 2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының есебі

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 1-нен бастап,барлық білім беру мекемелерінде ұлттық құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.Міндеттері:ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге,татулық, келісім,ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа , игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.-Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді және әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.Құндылық, мііне-құлық, ішкі сенім, тұжырым жасау,шешім шығаруға керек негіз. Сондықтан да Біртұтас Ұлттық құндылықтарға АР-ҰЯТ құндылықтары арқылы білім алушылардың тәрбиесін ізгілендіруді мақсат негізделген тәрбие беру бағдарлмасы кісілік келбетті айқындайтын ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ,ТАЛАП, етеді.Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарға негіізделген біртұтас ұлттық тәрбие бағдарламасын мектепте іске асыру көзделді.

Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында алдымен педагогикалық ұжыммен, сынып жетекшілермен, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді**. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсат,міндеттері мен құндылықтары бойынша түсінік берілді. Жаңа бағдарлама ұлттық тәрбие, ар-ұят, талап принциптеріне негізделіп құрылған.

Педагогикалық ұжымға ,ата-аналарға, мектеп оқушыларына ҚР Білім министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен және облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс - қимылын нығайту мақсатында құрылған «Ата- аналарды педагогикалық қолдау» орталығы туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CzXzoHRoDyl/?igsh=aTM1d3Q3bDJ3d3M4




«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық акциясы жоспарына сәйкес 6 сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты жиналыс өтті. Күн тәртібінде: 1. 1тоқсан қорытындысы. 2.«Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!». Сынып жетекшісі Н. Бердембаева. 3.«Біртұтас тәрбие бағдарламасы». 4.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы». ТІЖО Б. Аманбаева.

https://www.instagram.com/reel/Czbbhx5IsPK/?igsh=anM4MXZjdTJtbnA3





Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мақсатында **көптеген іс-шаралар** ұйымдастырылды.

**Атап айтсақ, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында** жыл басында барлық сыныптарда учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д. Қ. Бисебаев және ТІЖО Б. Т. Аманбаева 1-11класс оқушыларымен кездесулер өткізді. Мектеп ережесін сақтау, жол көлік оқиғасының алдын алу, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарды тұтынбау, қоғамдық орындарда өзін ұстау т. б туралы мәліметтер берілді.

https://www.instagram.com/p/Cw4rtcXg_oq/?igsh=MWdiZDU2eTlmazQzaA=




Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру мақсатында 9-11 класс оқушыларымен тарих пәні мұғалімі М. Наубетов, құқық пәні мұғалімі Б. Сатығалиев «Балалар құқықтары мен мүдделерін қорғау» атты дөңгелек үстел

https://www.instagram.com/p/CxatjkEoLhH/?igsh=Y3dvbmx6Y2pycHQ0




Оқушылардың құқықтық сауаттылығын көтеру, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Ойыл ауданы ПБ ЖПҚБ КТІЖ аға инспекторы полиция майоры Т. Қ. Құбышев, Ойыл ауданы ПБ ЖПҚБ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция аға лейтенанты А. Құспанқызы. Ойыл аудандық бала құқығын қорғау бөлімінің бас маманы Г. Жеткергенқызы, Ойыл ауданы әкімі аппаратының бас маманы Г. Б. Ермағанбетова, білім бөлімінің бас әдіскері Ж. Ы. Жақсылыққызы 9-11класс оқушыларымен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CxdK2lxI4OI/?igsh=bXI1ZG5neXptZzU4



Ойыл АПБ ЖПКБ Көптоғай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы аға лейтенанты Д. Қ. Бисебев 9-11класс оқушыларына «Интернет алаяқтары» тақырыбында ақпарат беріп, сақтық шаралары туралы айтты.

https://www.instagram.com/p/CnMQGA-AsgP/?igsh=MW1rcHB6dG9jYnZyMQ==

5-11 класс оқушыларымен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсаудың және буллинг, кибербулингтің алдын алу , болдырмау мақсатында түсінік жұмысы жүргізілді. Шараға учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев , пән мұғалімдері, класс жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог қатысты.

https://www.instagram.com/p/CnwbOBlIBsK/?igsh=aWRkeDhrOHZ2cGhi

«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік»_учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Д.Бисебаевпен өткен кездесу



Түнгі кезекшілік тұрақты ұйымдастырылады. Кесте бойынша кезекшілер кезекті рейдке шықты. Көше тыныш, беймезгіл жүрген оқушылар жоқ, құқықбұзушылық тіркелмеді.

https://www.instagram.com/p/CxEBUFKIi6a/?igsh=MWQ3ZGd6MWliYzEzYw==



**Дәстүрлі,тәрбиелік, мерекелік шаралар бойынша:** «Отан- отбасынан басталады» атты апталық жоспарына сәйкес 3 класта сынып жетекшісі Р. Базарова «Тәтті шай» бағдарламасы негізінде «Отбасы- аялы алақан мекені» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: «Отбасы құндылығы» туралы ұғымдарды, түсініктерді кеңейту. Отбасы мүшелерін сүйе білуге, баланың ата-анаға деген махаббатын ояту.

https://www.instagram.com/p/CxI0H-boVgn/?igsh=czVmZWdmb3hveW8=



Құрман орта мектебінде бейнелеу пәні мұғалімі Ә. Мүсіров өткізген бастауыш кластар арасында мектепішілік «Отан- отбасынан басталады» атты апталық жоспарына сәйкес «Менің отбасым» балалар суреттерінің конкурсы. https://www.instagram.com/p/CxNimtPIA8h/?igsh=cHNwZzg5MDRoMnp6



Қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата- әжелеріміздің төл мерекесі. Осы мерекеге орай 2 сыныпта сынып жетекшісі Р. Ниязова «Қарттарым аман-сау жүрші» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата -бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Cx-KujUg0W3/?igsh=cXRiM2Zwem5laDIx



Ұстаздар мерекесі - үлкен мереке. Осы мереке қарсаңында Құрман орта мектебінің 9-10-11сынып оқушылары «Ұстазға мың алғыс» атты арнайы дайындаған мерекелік бағдарламасын ұсынды.

https://www.instagram.com/p/Cx-mrQ1oW1v/?igsh=dnZ6eHd0ajg2OXIw



Мектеп кітапханашысы Қ. Қалиева өткізген 7 сыныпта ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына байланысты «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты кеш

https://www.instagram.com/p/CykYq2mIRSs/?igsh=MWpwMDg5OXFtajFmOA==




АӘТД пәні мұғалімі Б. Сатығалиев  9-11класс ер балаларымен Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына арналған «Ауғанның асуында от кешкендер» атты аулымыздағы Ауған соғысының ардагері Мүсіров Сырым Хамитұлымен кездесу өткізді. Оқушылар Ауған соғысы жайлы мағлұмат алып,  ардагер ағамен  әңгімелесіп, сұхбаттасты.

https://www.instagram.com/p/Coq53iKIQHH/?igsh=d2J5enh2ZnJodzNp



Тәуелсіздік мерекесіне орай көркемеңбек пәні мұғалімі Ә.Мүсіров ұйымдастырған «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты сурет көрмесі

https://www.instagram.com/p/CmMMuBLoZmT/?igsh=MTZiZWlpaG55ZmtoMQ==



**Оқушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша өткізілген шаралар бойынша** Бастауыш сынып жетекшілері 1-4 сынып оқушыларына әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу ,  адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, тазалық, сыпайылық қасиеттерді дамыту, жеке бас гигиенасын сақтауға , әдепсіздік азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу мақсатында «Ұл бала мен қыз бала гигиенасы», «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»  тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/C5QZBTHotH9/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




11қазан- Халықаралық қыздар күніне орай бекітілген «Қыз болашағы-ел болашағы» атты апталық жоспарына сәйкес сынып жетекшілер  сынып сағаттарын өткізді. Шаралар барысында  ауылдық амбулатория акушеркасы Жиенғали Замзагүл Ерсайынқызы қатысып, қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып, қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер берді. Бейнероликтер көрсетіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді

https://www.instagram.com/p/CyLmOIhosOU/?igsh=MTVmOTg2NjF3dXpjbA==





2 сынып жетекшісі Р. Ниязова «Балам үйде,қылығы түзде» атты ата-аналармен кездесу өткізді.https://www.instagram.com/p/C5qOCDAoaGd/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==



Педагог- психолог Ш.Тайборина «Психологиялық қауіпсіздік» ата-аналарға психологиялық- педагогикалық көмек және қолдау көрсету мақсатында «Балалармен қарым-қатынасты қалай құру керек?» тақырыбында профилактикалық жұмыс жүргізді.

https://www.instagram.com/p/C5n7XNKICG-/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==



**Сынып жетекшілердің  өткізген сынып сағаттары бойынша**

«Қауіпсіз мектеп» аясында өткізген  сынып сағаттары

https://www.instagram.com/p/CxU-EnSA_ZB/?igsh=MWtwdGZrMGdqZTNxdA==




«Менің Тәуелсіз Қазақстаным»  атты іс-шара жоспарына сәйкес өткен «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» атты бірыңғай сынып сағаттары

https://www.instagram.com/p/CyvaAgCoPLw/?igsh=MXF0eDM1czlqazY1bw==







15 қараша - Ұлттық валюта күні. Осы датаға байланысты  сынып жетекшісі Н. Бердембаева 6 сыныпта «Ұлттық валюта- ел тәуелсіздігінің белгісі», 4 сыныпта сынып жетекшісі Ә. Мысағалиева «Қазақстанның валюта күні», 1-2 сыныптарда сынып жетекшісі Р. Ниязова «Ұлттық теңге -мақтанышым», сынып жетекшісі Р. Базарова 3 сыныпта «Теңге - тәуелсіздіктің символы», 11 сынып жетекшісі: Жасұланова Жангүл «15 қараша- Ұлттық валюта күні »  атты сынып сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/Czlc9yyoME-/?igsh=MTRla3U0bnExMmduNQ==







**Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар**

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты сынып сағаттары

https://www.instagram.com/p/Czli-p_oDao/?igsh=MTFqa2NpazRqYzZveg==





Педагог- психолог Ш.Тайборина «Зорлық- зомбылыққа жол жоқ!» ақпараттық стенд жасақтады. Стендіде: Үйдегі зорлық-зомбылық құрбандарына қалай көмек көрсетуге болады?, Қалай зорлық-зомбылыққа душар болмау керек?, Озбыр адамдармен қалай сөйлесу керек?, Отбасындағы зорлық-зомбылықты қалай анықтауға болады?, Естеріңде болсын!» туралы ақпараттар берілді.

https://www.instagram.com/p/CzqaY9RAFL3/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==






6 сынып жетекшісі Н.Бердембаева 6 класс оқушыларының ата-аналарымен, 10 қараша күні 3 сынып жетекшісі Р.Базарова 3 класс оқушыларының ата-аналарымен «Отбасындағы зорлық- зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында жиналыс өткізді.https://www.instagram.com/reel/Czbbhx5IsPK/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

Балаларға қатысты зорлық- зомбылық және қатыгездік мәселелері бойынша «Қатыгездіксіз әлем» «Парасат» дебат клубының мүшелері пікірсайыс өткізді. Жетекшісі Г. Мединаева



Педагог-психолог Ш.Тайборина «Зорлық- зомбылықсыз әлемді қалай құрамыз?» 6-7 сынып оқушыларымен алдын алу бағыты бойынша тренинг өткізді.

https://www.instagram.com/p/CzsyOuygKOI/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==





**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткен шаралар**:

Аға тәлімгер Кубенова Жанар Жанузаққызының ұйымдастыруымен "Жемқорлықсыз қоғам- нұрлы болашақ кепілі" атты кездесу кеші

https://www.instagram.com/p/CxVZYhJIWTO/?igsh=MWE4YWM2NXdmZGlsZg==







Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында 5-6 класс оқушылары өз шығармашылықтарынан ойларын сурет арқылы бейнеледі

https://www.instagram.com/p/CzbAhFfIf75/?igsh=MTN6aDJ0NjRlN3pqYw==




«Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды және оның пайда болу жағдайларын түсіндіру, адалдыққа, әділеттілікке тәрбиелеу мақсатында 1-11класс оқушыларына класс жетекшілері «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CnzbSrcIxJD/?igsh=bG1xaG9sZHNweXZy

**Діни экстермизмнің алдын алу бағытында өткен шаралар:**

"Діни сауаттылық-жарқын болашақ" атты 5-11 сыныптар бойынша өткен тәрбие сабақтары




https://www.instagram.com/p/CoCJ90YAPSH/?igsh=MTJwODZ2bzA0NG03aw==

Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі- Мемлекеттік рәміздерді қадір тұту болып табылады. Білім алушыларды елжандылық негізде тәрбиелеуде мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше. Құрман орта мектебінде оқушыларды Отанды сүюге, рәміздерді құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу мақсатында класс жетекшілер «Мемлекеттік рәміздер-мақтаншым» атты тәрбие сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CoTtLVLorIr/?igsh=MXJvNjJ5dXFhZG00Yw==

8 сынып оқушылары «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында «Еңбек адамы» күніне байланысты «Бақыттың кілті- еңбекте» атты кездесу ұйымдастырды. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын айту, ерінбей еңбек етуге шықыру, еңбек адамының табиғи қажет екенін түсірдіру. Еңбексүйгіштікке, еңбек адамын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Сынып жетекшісі Л. Е. Ниязова.

https://www.instagram.com/p/Cxp6cuxIaAG/?igsh=MWtvaTltOWgwNGVsZA==




**Салауатты өмір салты мен нашақорлықтың алдын алу мақсатында өткен шаралар:** Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған және нашақорлықтың алдын алу бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша қыздар арасында волейболдан жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/Cxp6ry7IH7f/?igsh=YmQydHFqZ3M3MXdz




Оқушылардың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдету, адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру қажеттілігін, зиянды заттар мен әдеттердің ағзаға тигізетін әсерін ұғындыру мақсатында жүргізіліп жатқан «Салауаттылық- денсаулық негізі» атты

апталық жоспары бойынша мектеп медбикесі «Жасөспірім және зиянды әдеттер» тақырыбында ақпараттық стенд жасақтады.

https://www.instagram.com/p/CzfeBWHItkj/?igsh=MXVuOHg2ZzE1NWJsaQ==




8 сыныпта өткен «Салауатты өмір- көтеріңкі көңіл» атты ашық журнал. Өткізген: мектеп кітапханашысы Қ. Қалиева .

https://www.instagram.com/p/CzatdRGgD_-/?igsh=aDVlaWYzNGc5ajJo

10-11 сынып оқушыларымен «Жасөспірім және зиянды әдеттер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір сүре білуге тәрбиелеу, шылым шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың, СПИД-тің адам ағзасына зиянды әсерлерін ашып көрсету, солардың салдарынан туатын аурулар туралы білімдерін жетілдіру, сана-сезімдерін тәрбиелеу. Ұйымдастырушылар: С. Қабиева. Ж. Жасұланова

https://www.instagram.com/p/CzlHnY3AbF5/?igsh=MWRia29qZHp1Y2poYg==





**Кәмелетке толмағандар арасында жол- көлік оқиғасының алдын алу және «Жол қауіпсіздігін жас инспекторлары» тобының жүргізген жұмыстары бойынша**

**Мақсаты:** Оқушыларға жол қауіпсіздігінің жас инспекторлары жұмысы туралы түсінік беру, жол қозғалысы қауіпсіздігінің сақталуын насихаттау. Көшелермен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін оқып, үйрену. Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету ісіне машықтандыру.

Мектеп медбикесі Ә. Құрманова 7-8 сынып оқушыларына балалар травматизмі туралы интерактивті сабақ өткізді. https://www.instagram.com/p/C2yrdfEIAyW/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==



Бейнелеу пәні мұғалімі Ә. Мүсіров 3-5 сынып оқушылары арасында «Абайлаңыздар, балалар!» сурет көрмесін ұйымдастырды

https://www.instagram.com/p/C1RrmUlIcef/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




«Жол және біз» викторина ойындары өтті. Өткізген: АӘТД жетекшісі Б. Сатығалиев

https://www.instagram.com/p/C2zc6X5o1pq/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




**Қыздар мен ұл балалармен жүргізілген жұмыстар:**

«Балауса» кыздар ұйымынын жетекшісі А.Мусаева 11 казан-Халыкаралык кыздар күніне орай өтетін «Кыз болашағы- ел болашагы» атты апталық жоспарына сәйкес «Кыз кылығымен ардақты» такырыбында 5-7 класс кыз балаларымен дөнгелек үстел өткізді. Мақсаты: кыздармен әнгімелесе отырып, абыройлы болуға, салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әрекеттерге еліктеуден , кызығудың өмірлеріне кауіп туындыратын ескерту. Шараға ТІЖО Б. Аманбаева катысып, кыз балалардын мектептегі тәртібі, бір-бірімен қарым-қатынасы, мектеп формасын сақтауы, сабақтан тыс уакыттағы жүріс-тұрысы туралы әнгімелесті. Мектеп медбикесі Ә.Құрманова «Жеке бас гигиенасы» атты баяндама оқыды.

https://www.instagram.com/p/CySr5YTgld-/?igsh=Y2VjdGx5dWN0amZ1





Қыз балаларды әдептіліікке, сыпайылылыққа, инабаттылыққа, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу мақсатында 8-11класс қыз балаларымен «Қыздар сұлу көрінер қылығымен...» атты дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырушылар:«Парасат» аналар-әжелер мектебі,«Бойжеткен» қыздар клубының жетекшісі Қ. Зейноллаева

https://www.instagram.com/p/CpFDh9egp0g/?igsh=dGJpbnlqYnByOGUw




«Бойжеткен» қыздар ұйымының жетекшісі Қ.Зейноллаева 9-11 сынып қыздар арасында «Тек қана қыздар арасында» ток-шоу ұйымдастырды. 9 сынып «Шырағың сөнбесін», 10 сынып «Бұрымыңды жайма, қызым!», 11 сынып «Киімде де кие бар» тақырыбында мәселелер қозғады.




«Балауса» қыздар клубының жетекшісі Ә.Мусаева 5-7 сынып қыз балаларымен «Еркем,өмірің болсын көркем» тақырыбында жылы жүздесу шарасын өткізді. Мақсаты: оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу. Келеңсіз оқиғалардың алдын алу, қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.

https://www.instagram.com/p/C5p2IpsgPGG/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==



«Қайсар» патриоттық клубының жетекшісі Б.Сатығалиев 9-11 сынып оқушыларының ер балаларымен «Адамгершілік және жыныстық тәрбие» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/C5n7hmDIoE0/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==





«Жігер» клубының жетекшісі А.Идиятов 5-8 сынып ер балаларымен «Интернет желісіндегі қауіпсіздік»,«Тәртіпке бағынған құл болмайды» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізді.

https://www.instagram.com/p/C5XclqOIws8/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




. Мектепте дәстүрлі «Әкелер күні» өтеді. Әкелер мектеппен тығыз байланыста, шараларға белсенді араласады. Түнгі кезекшілікті де жауапкершілікпен атқарады. Отбасындағы тәрбиеге көп көңіл бөледі.Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі- әке. Әке тәрбиесін, әкенің орнын ешкім де баса алмасы анық. Құрман орта мектебінде бала тәрбиесіне деген әкелердің көзқарастарын кеңейту, отбасында және бала тәрбиесінде әкелер мен ер- азаматтардың мәртебесін көтеру мақсатында «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» атты кездесу өтті. Шара барысында баяндама оқылып, бейнероликтер көрсетілді.«Әкелер кеңесі» құрылып, пікірлер айтылды.

https://www.instagram.com/p/CnzZtP0I24q/?igsh=dTBjYmtnd3Nibnlr

«Ұлағат» әкелер кеңесі кеңестің жылдық жұмыс жоспары бойынша оқушылардың денсаулықтарын сақтау жұмыстарына ықпал ету, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту, әке мен бала арасындағы байланысты нығайту мақсатында волейболдан мектепішілік жарыс ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/p/CpASVxvoAKZ/?igsh=NGtyejVsZmk4czN0










Жаңа 2023-2024 оқу жылынан бастап мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын бастады. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді.Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, сұраныстарын, мінез-құлқын, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда. Позитивті ата-ана – бұл мейірімді қарым-қатынасқа, қолдауға, баланың жеке басының күшті жақтарына, балалар мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын назарда ұстайтын тұлға. Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Орталықта ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас жасауды, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренеді, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің туындамауына көмектеседі.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалар әл-ауқатының теориялық негіздеріне сүйенеді, олардың жас ерекшеліктерін ескереді.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

2023 жылдың 02 қарашасы мен 01 желтоқсан аралығында 30.11. 2023 күні Құрман орта мектебінде ата-аналарды қолдау орталықтары ашылды. Орталық жетекшісі: Б.Аманбаева. Орталықтың ашылу салтанатына қатысқан ата-аналар саны-20, мемлекеттік орган қызметкерлерінің саны-0, педагогтардың саны-10

https://www.instagram.com/p/C0RRWScI99h/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==










**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» бойынша:**

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен 10 сынып жетекшісі М.Сүндетова «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» тақырыбында сабақ өткізді. Мақсаты:ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту.

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен 2 сынып жетекшісі Р.Ниязова «Әрбір бала -жарық жұлдыз» тақырыбында сабақ өткізді. Мақсаты: ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз балассының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.

МАД топ тәрбиешісі Ә.Әжниязова 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Баланың тапқырлығы мен эрудиясын қалай дамытуға болады?» тақырыбында 4 сабағын өткізді, Мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудиясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.

11 сынып жетекшісі Ж.Жасұланова 10-11 сынып оқушыларының ата- аналарымен «Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы» тақырыбында сабақ өткізді. Мақсаты. ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптасыру, тәуелділік мінез – құлық қаупінің алдын алу жолдарын дамыту.

4 сынып жетекшісі Ә.Мысағалиева 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Құмар ойындары- тәуелділік қақпаны» тақырыбында 5 сабағын өткізді. Мақсаты: ата-аналардың интернет-ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыпрын дамыту.

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен 9 сынып жетекшісі А.Ананьева «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбында 5 сабағын өткізді. Мақсаты: интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру.

10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен 10 сынып жетекшісі М.Сүндетова «Әлеуметтік желілер және интернет кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез- құлқы» тақырыбында 5 сабағын өткізді. Мақсаты:ата-аналарды балалардың интернеттегі және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиімді жұмыстың шарттарымен таныстыру.

3 сынып жетекшісі Р.Базарова 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Сенім арту-жетістік кепілі» тақырыбында 6 сабағын өткізді. Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек дайындығын қалыптастыру.

5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен 7 сынып жетекшісі Г.Мединаева «Әр нәрсенің өлшемі бар» тақырыбында 6 сабағын өткізді. Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы тепе-теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар:**

3 сынып жетекшісі Базарова Роза «Сенім арту – жетістік кепілі» (Қиын жағдайда баланы қалай қолдаймыз? Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.)атты № 6 сабағын өткізді. **Сабақтың мақсаты**: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру.




https://www.instagram.com/p/C5xIcxKoiiz/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




**5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар:**

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» аясында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жасөспірімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында 7 сабақ өтті. Мақсаты: Балалардың айналасындағылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына қолдау көрсету. Өткізген: 9 сынып жетекшісі А. Ананьева

https://www.instagram.com/p/C6Nz12tAeZb/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




**10 – 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар**

Жангул https://www.instagram.com/p/C5n7KhsINZr/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==




## "Даналық мектебі" клубының жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатының негізінде ,адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «КЕАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешіміне сәйкес» , халқымыздың сан ғасырлық мәдени жәдігерлері мен ұлттық құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру мақсатында Құрман орта мектебінде «Даналық мектебі» клубы ашылды. Клуб шеңберіндегі «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебінің» мақсаты- озық салт-дәстүрлерді талдап түсіндіру, дәріптеу, отбасы тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

**«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты** – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

**Клубтың міндеттері:**

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

**«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:** позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

2023-2024 оқу жылында Құрман орта мектебінде «Даналық мектебі» клубының жұмысын жүргізу үшін жұмыс тобы құрылып, жоспары бекітілді.

**«Даналық мектебі»** клубының жұмыс жоспары бойынша «Ертегі- танымның көзі» тақырыбында интерактивті сабақ өтті. Мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық- тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету. Ұйымдастырушы: аға тәлімгер Ж.Кубенова. «Жеті атасын білген ұл-жеті жұрттың қамын жер» Ш.Тайборина





**«Даналық мектебінің»** жұмыс жоспар бойынша «Ырым- тыйым- әдептілік негізі» тақырыбынд дөңгелек үстел өтті .Мақсаты: халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау. Өткізген:әлеуметтік педагог Э.Калдыгулова.

**«Даналық мектебінің»** жұмыс жоспар бойынша «Ағасы бардың жағасы бар» атты дискуссия өтті. Мақсаты: ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру. Өткізгендер: ТІЖО Б.Аманбаева, аға тәлімгер Ж.Кубенова.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын жобалар жетекшілері**

**2023-2024 оқу жылы**

| № | «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын жобалар атауы | жетекшілері |
|---|---|---|
| 1 | «Оқуға құштар мектеп» | Қалиева Қ |
| 2 | «Балалар және театр» | Аманғалиева А |
| 3 | «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс) | Наубетов М |
| 4 | «Ұшқыр-ой алаңы» | Мединаева Г |
| 5 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | Ниязова Л |
| 6 | «Ұлттық мектеп лигасы» | Нұрқасов А |
| 7 | «Ғаламтор қауіпсіздігі» | Бердембаева А |
| 8 | «Төрт тоқсан-төрт өнер» | Қожасаев С |
| 9 | «9 ай- 9 іс-шара» | Кубенова Ж |
| 10 | «Ата-аналар мектебі» | Тайборина Ш |

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жобалардың
іске асырылуы туралы

| № | Жоба атауы | тақырыбы | Өтілген мерзімі ссылкасы |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балалар және театр» | «Сыбайлас жемқорлық індет-оны жою міндет» | https://www.instagram.com/p/C2jSUUqoSND/?igsh=MXhpcGlhem9xb2o0aQ== |
| | | «Ертегілер еліне саяхат» | https://instagram.com/p/C2SvunPI8vU/ |
| | | «Тәуелсіздік болашағым» | https://www.instagram.com/p/Cy5owE1ISIO/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Әкеге ізет, анаға құрмет» | https://www.instagram.com/p/CzL2T75ILjm/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Ер есімі- ел есінде» | https://www.instagram.com/p/CyXK583oqKX/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 2 | Ұшқыр ой алаңы | «Тұғыры биік Қазақстан» | https://www.instagram.com/p/CyoCreaoiUl/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Қатыгездіксіз әлем» | https://www.instagram.com/p/CzxkFlOoShf/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Бүгінгі заманның құндылығы неде?» | https://www.instagram.com/p/C1CKdGCIdLj/?igsh=NXpkNWZjbWpmcndv |
| | | «Адам құқығы бала құқығынан басталады» | https://www.instagram.com/p/C2q-KJuooaR/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 3 | «Төрт тоқсан – төрт өнер» | «Ақындар айтысы»бойынша «Мен ақын болсам ...» эссе байқауы | https://www.instagram.com/p/CykYnaIoCxm/?igsh=MTV6MHlucGFybDNwMA== |
| | | «Ер есімі –ел есінде» танымдық сабақ | https://www.instagram.com/p/CyXK583oqKX/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Жырлайды жан жүрегім жақсылықты» | https://www.instagram.com/p/Cx-pBbfoboQ/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» | https://www.instagram.com/p/CylFvA5o9_X/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 4 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» | «Сергіту сәті» | https://www.instagram.com/p/Cw7QV2dACTt/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Әнұран орындау» | https://www.instagram.com/p/Cyu4zTtg1tB/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Асық ату» | https://www.instagram.com/p/CzvarybACS5/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Шығарма жазу» | https://www.instagram.com/p/C0yuMw_In83/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Қазақ есебі» | https://www.instagram.com/p/C0yuMw_In83/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 5 | «Оқуға құштар мектеп»» | «Еңбегімен еленген жандар» | https://www.instagram.com/p/CxyIF23oOeu/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Біз балдырған оқимыз» | https://www.instagram.com/p/CzGkq5SNJKU/?igsh=ZDBjMWI0ZjMxOQ== |
| | | «Қазақ әдебиетінің ақ сұңқары» | https://www.instagram.com/p/CzGjFxmNZjM/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Ізгілікке қадам тартқан жас ғұмыр» | https://www.instagram.com/p/CzF8uGxtXMq/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | «Әдептілік-әдемілік» | https://www.instagram.com/reel/C1tX2yvoAMM/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» | https://www.instagram.com/reel/C1tX2yvoAMM/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 6 | «Ұлттық мектеп лигасы» | Біз спортты сүйеміз<br><br>«Денсаулықтың алты шарты»<br>«Бес тас, бес табан» | https://www.instagram.com/reel/C1tX2yvoAMM/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==<br>https://www.instagram.com/p/CzJLDe6o866/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==<br>https://www.instagram.com/p/CzJLDe6o866/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 7 | Ғаламтор қауіпсіздігі | «Балалар үшін интернет желісінің қауіпсіздігі» | https://www.instagram.com/p/C2rVrCCggTF/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Интернеттегі алаяқтық» | https://www.instagram.com/p/C1HsiQXorJy/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| 8 | «Жеткіншектің жеті жарғысы» | «Өнегелі өмір» эссе | https://www.instagram.com/p/CzD42pSIDkl/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» | https://www.instagram.com/p/C2hE8rsgoNx/?igsh=dDFtbDRiaW5scDlq |
| | | Абайдың «Толық адам ілімі» | https://www.instagram.com/p/C2hEjo7gyDD/?igsh=MXhsaHd2aTQ2cTV3Mg== |
| | | «Көк тудың желбірегені» | https://www.instagram.com/reel/C0uK3O9o6Eh/?igsh=bG5scmw5cHVoMDY0 |
| 9 | «Еңбегі адал жас өрен» | «Еңбек адамы», «Бақыттың кілті - еңбекте» кездесу | https://www.instagram.com/p/Cxp6cuxIaAG/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Қарттарға қамқорлық» «Жанашыр жүрек» акциясы<br><br>«Таза табиғат» экологиялық акция | https://www.instagram.com/p/CylLhIfg9Fu/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==<br><br>https://www.instagram.com/p/CyoFOK6o8xx/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Оян, ар мен адалдық» тәрбие сағаты | https://instagram.com/p/C2SZ7wzIztO/ |
| | | «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» | https://www.instagram.com/p/C2Zq3dwIvGG/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» (ата-ана мен жұмыс) | **1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен** | |
| | | «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ашылуы | https://www.instagram.com/p/C0RRWScI99h/?igsh=MXR1MTVwZnVzYm1uYw== |
| | | «Отбасы- бақыт мекені» | https://www.instagram.com/p/Cz4QKunIm5Q/?igsh=MTBkbHdwaWVycGNwNA == |
| | | «Білімдіге дүние жарық» | https://www.instagram.com/p/Cz4MHX9IULx/?igsh=N3lyeDBnMHMwdXpi |
| | | «Әрбір бала- жарық жұлдыз» 3 сабақ | https://www.instagram.com/p/C2ZJT2dIrcF/?igsh=YXluZmlxMjc3Zmh3 |
| | | «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?» 4 сабақ | https://www.instagram.com/p/C2hbRiwIi6b/?igsh=MWFsYTY3anU0bDQyMw== |
| | | **5-6 сынып оқушыларының ата-аналарымен** | |
| | | «Баланың бас ұстазы – ата- ана» | https://www.instagram.com/p/C1RNgteIyr2/?igsh=Zm5iazExbmFsZm4y |
| | | «Ақыл айтпа, жол көрсет» | https://www.instagram.com/p/C1Tv96zI0Qt/?igsh=MXc1c2xjNTRkajY5Mw== |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | «Балаға үйрету:ақылыңды мейірімге орап бер» | https://www.instagram.com/p/C1Tv4Y2I_W7/?igsh=emc1cGl3MG94eW12 |
| | | **10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен** | |
| | | «Боламын деген баланың бетін қақпа» | https://instagram.com/p/C2J22R_g0j-/ |
| | | «Сен жанбасаң лапылдап» | https://www.instagram.com/p/Cz4QbTdIyuZ/?igsh=MXV5MTdobWk2ajh2dg== |
| | | «Құмарлыққа бой алдыру – тәуілділік құрдымы» 4 сабақ | https://www.instagram.com/p/C2mPybTgJMi/?igsh=MWtjMjV1djV1emNoeQ== |
| | | **«Даналық» мектебі** | |
| | | «бабалар дәстүрі-ұрпаққа аманат» | https://www.instagram.com/p/C0RXuLHodCZ/?igsh=MWl0eXg5amx2OXJ1YQ== |
| | | «Ертегі – танымның көзі» | https://www.instagram.com/p/C2SvunPI8vU/?igsh=MXVudzhuOWVidDFtMw== |
| | «ДОСБОЛLIKE : достық қолын ұсын»акциясы | «Бауырсақ пати» | https://www.instagram.com/p/C2mQXmyAL-v/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «ДОСБОЛLIKE : достық қолын ұсын»акциясының ашылуы | https://www.instagram.com/p/C2cVNHfI4zG/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | Көлеңке театры “Шалқан», «Жеті лақ», «Бауырсақ» ертегілері | https://www.instagram.com/p/C2cVNHfI4zG/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Озат оқушы» сайысы | https://www.instagram.com/p/C2mPrxvg7Mc/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |
| | | «Көңілді қоңырау» | https://www.instagram.com/p/C2fR7jUo2lb/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі М.Наубетов «Оян, ар мен адалдық» атты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік беріп, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, қайырымды т.б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі Л.Ниязова Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында шара өткізді. Сонымен қатар «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» атты патриоттық тәрбие сағатын өткізді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша математика пәні мұғалімдері А.Булатова , А.Бердембаева «Қазақ есебі» челленджін өткізді. «Қазақ есебі» челленджі профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым, математик Жұмадилдаев Асқар Серқұлұлының авторлық есептерін шешуге арналды. Жоба жетекшісі .Кубенова.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі А.Бердембаева 1-4 сынып оқушыларымен «Балалар үшін интернет қауіпсіздігі» атты таным сабағын өткізді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі А.Бердембаева «Ғаламтордағы алаяқтық», «Алаяқтықтан сақ болыңыз!» тақырыбында ақпараттық стенд жасақтап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Ғаламтордағы алдаудың ең көп кездесетін түрлері», «Абайлаңыз, алаяқтар!» атты жадынамалар таратты.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 3 сыныпта жоба жетекшісі Қ.Қалиева «Мақал- сөздің мәйегі» тақырыбында сайыыс өткізді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 3 сыныпта жоба жетекшісі М.Наубетов және сынып жетекшісі Р.Базарова «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ғаламтор қауіпсіздігі» атты мектепішілік турнир өтті. Жоба жетекшісі А.Бердембаева. «Парасат» дебат клубының жетекшісі Г.Мединаева

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына және сыбайлас жемұорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін негізгі факторларды айқындау, сыбилас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» атты мектепішілк турнир өтті. Жоба жетекшісі Г. Мединаева.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» челленджі өтті. Оқушылар өздері таңдаған сүйікті кітаптарынан үзінді оқып, басқа қатысушылармен ой бөлісті. Мақсаты:білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ғаламшар және ғаламтор» атты шара өтті. Жоба жетекшісі А.Бердембаева.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша құқықтық мәдениетті қалыптастыру және келеңсіз жағдайдың алдын алу мақсатында 5-8 сынып оқушыларымен педагог- психолог Ш.Тайборина «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында профилактика бағыты бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 10 сынып оқушыларымен «Жасөспірім және Заң»атты кездесу, пікірсайыс-кеш өтті. Мақсаты: оқушыларды заңды құрметтеуге, өз құқықтарын ғана емес, міндеттерін білуге насихаттау. Құқықтық сауаттылығын арттырып, қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға тәрбиелеу. Ата Заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да, әділетті парасатты тұлғаны тәрбиелеу. Шараға ұстаздар, ата-аналар, учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев қатысты. Кездесу барысында тапқырыптық көрсетілім бойынша оқушылар слайд арқылы өз ойларын білдірді. «Тығырықтан шығар жол қайсы?» ситуациялық жағдайларлы шешіп, сұрақтар қойды. Бейнеролик көрсетілді. Шара қорытындыланып, қонақтарға алғыс білдірілді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» және «Адал ұрпақ» жобасы бойынша ТІЖО Б.Аманбаева және учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев құқықбұзушылықтың алдын алу,заңдарды сақтау, басқалардың құқықтарын құрметтеу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, адамгершілікке,адалдыққа, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында «Ұрлық түбі -қорлық» атты танымдық шара өткізді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында** жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі өтті. Мақсаты. Білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау,балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау.

«Қоғамға қызмет» волонтерлер қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша еріктілер тобы «Қамқорлық» акциясы негізінде мектеп ауласын тазарту жұмыстарын жүргізді.

**Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы**

Барлық оқушы саны:164

Қамтылған оқушы саны: 132

Үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылар- 80,5 %

| **үйірме саны** | **Оқушы саны** | **Үйірме аты** | **Жетекшісі** |
|---|---|---|---|
| 1 | 24 | Терме | Қожасаев Серік |
| 2 | 24 | Эстрада | Кубенова Жанар |
| 3 | 24 | Funny English | Шохпарова Алтынгул |
| 4 | 23 | «Кітап- тарих,шежіре» | Қалиева Қарылға |
| 5 | 25 | «Волейбол» | Идиятов Асылбек |
| 6 | 27 | «Сахна таланттары» театр | Аманғалиева Ақмарал |
| 7 | 25 | «Жас физик» | Кубаев Медеу |
| 8 | 23 | «Парасат» дебат | Мединаева Гүлнар |
| 9 | 15 | «Үстел теннисі» | Нұрқасов Артек |
| 10 | 16 | «Ұлттық ойындар» | Ержан Асылбаев |

**2023-2024 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет**

| **Барлығы** | **педагогикалық өтілі** | | | | **біліктілік санаты** | | | | **Класс жетекшілер мектебін бітіргендер саны** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-3 ж | 3-5ж | 5-10 ж | 25 – тен жоғары | Педагог модератор | Педагог сарапшы | Педагог зерттеуші | Педагог-шебер | 2 |
| **11** | 1 | 2 | 1 | 7 | - | 5 | 1 | - | |

**2023-2024 оқу жылының І тоқсаны бойынша класс жетекшілердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі**

| | **Аты-жөні** | **Семинардың тақырыбы** | **уақыты** | **Өткен орны** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | Мыысағалева Асемгул Токешовна | Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу» | 19.09. 2023жыл | ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы |
| **2** | Ниязова Лаззат Ермекқызы | Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу» | 19.09. 2023жыл | ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы |
| **3** | Қабива Салтанат Орынбасаровна | Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу» | 19.09. 2023жыл | ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4** | Қабива Салтанат Орынбасаровна | «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» республикалық онлайн курс | 18.09-29.09. 2023жыл | «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |
| **5** | Ананьева Алена Константиновна | Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу» | 19.09. 2023жыл | ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы |

**Кезекті сынып жетекшілер отырысында қаралған мәселелер:**

I -IYтоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың орындалуы бойынша ақпарат. ӘБ жетекшісі

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылынаарналған кешенді жоспарды бекіту.

«Сынып сағаттарын өткізуде жаңа технологиялық әдіс –тәсілдерді қолдану». (өз іс-тәжірибесі)    9 сынып жетекшісі А.Ананьева

«Оқушылардың сабақтан тыс кезіндегі бос уақытын ұйымдастыру» 2 сынып жетекшісі Р.Ниязова

Мектепішілік үйірме жұмыстарының сапасы.  («Терме», «Сахна таланттары» үйірмелері бойынша) Үйірме жетекшілері

«Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының психологиялық жақтары».Педагог-психолог Ш.Тайборина

«Өзін-өзі басқару ұйымының» атқарған жұмысы. Аға тәлімгерЖ.Кубенова

«Адамгершілік- рухани тәрбиенің  маңыздылығы» баяндама. 3 сынып жетекшісі Р.Базарова

Құрман орта мектебінде  класс жетекшілер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы өтті.

https://www.instagram.com/p/CmHOKijojLY/?igsh=MWc4bnNiNzB5NjBybQ==

**№ 2  Кезекті сынып жетекшілер отырысында қаралған мәселелер:**

1. І тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың орындалуы бойынша ақпарат. ӘБ жетекшісі.
2. «Сынып сағаттарын өткізуде жаңа технологиялық әдіс –тәсілдерді қолдану» (өз іс- тәжірибесі)    9 сынып жетекшісі А.Ананьева
3. «Оқушылардың сабақтан тыс кезіндгі бос уақытын ұйымдастыру» 2 сынып жетекшісі Р.Ниязова





**№ 3  Кезекті сынып жетекшілер отырысында қаралған мәселелер:**

1. ІІ тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстардың орындалуы бойынша ақпарат. ӘБ жетекшісі
2. Мектепішілік үйірме жұмыстарының сапасы.  («Терме» үйірмесінің жетекшісі С.Қожасаев, «Сахна таланттары» үйірмесінің жетекшісі А.Аманғалиева)

3. «Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының психологиялық жақтары». Педагог-психолог Ш.Тайборина





**№ 4 Кезекті сынып жетекшілер отырысы**

Құрман орта мектебінде кезекті сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1.ІІІ тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстар. Бірлестік жетекшісі Р. Базарова.

2.«Өзін-өзі басқару ұйымының» атқарған жұмысы. Ж. Кубенова.

3.«Адамгершілік - рухани тәрбиенің маңыздылығы» баяндама. 3 сынып жетекшісі Р. Базарова

https://www.instagram.com/p/C6WiGg7Ieft/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng==





**«Үздік сынып жетекші – 2024 » байқауы**. Тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру,шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілерін анықтау,жас ұрпақты тәрбиелеу әдістерімен педагогикалық ұжымды таныстыру мақсатында «Үздік сынып жетекші - 2024» байқауы өтті. Ұйымдастырушылар: ТІЖО Б.Аманбаева, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Р.Базарова.




**Жалпы ата-аналар жиналысы .**

21 қыркүйек күні «Бала тәрбиесі-басты назарда» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1. Өткен оқу жылының қорытындысы. Жаңа 2023-2024 оқу жылының міндеттері. Мектеп директоры Т. Н. Жарылғасынқызы. 2.«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, зорлық- зомбылыққа жол бермеу» учаскелік полиция инспекторы Д. Қ. Бисебаев, 3.«Отбасындағы келіспеушіліктің бала психологиясына әсері» педагог-психолог Ш. Ә. Тайборина.

https://www.instagram.com/p/CxdKsi0oyeb/?igsh=a3Zkb3JyamI4OHlj




«Ұл бала мен  қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» тақырыбында кезекті жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде: 1. «Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері және физиологиялық жетілуі» баяндама. Педагог-психолог Тайборина Ш. 2.« Жыныстық қатынастың  ерте басталуы» дәріс, ақпарат беру. Ауылдық амбулатория акушері З. Ерсайынқызы. Жиналыс басында үйірме мүшелері Алғыс айту күнімен құттықтап, өнерлерін көрсетті.

https://www.instagram.com/p/CpKq4ROIwMW/?igsh=aWNuYzRhcDJuYjl0

Жалпы ата-аналар жиналысы  №2 "Білімді ұрпақ – ел болашағы" Күн тәртібінде қаралған мәселелер: «Буллинг пен кибербуллингтен баланы қалай қорғай аламыз?». «Отбасылық бос уақыт мәселелері. Отьасындағы адамгершілік әрекеттер тәжірибесі». «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру». Мектеп формасына қойылатын талаптар.

**Кластардағы ата-аналар жиналыстары:**

Сынып жетекшісі А. Ананьева 9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтык алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. I тоқсан қорытындысы. 2.«Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау». 3.«Жасөспірімдер мен балалар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу.

https://www.instagram.com/p/CzGYga3o_QT/?igsh=ZDFvNXVibmdjaHcw




3 сынып оқушыларының ата-аналарымен 3 сынып жетекшісі Р.Базарова «Бала көңілдің гүлі, көздің нұры» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. Мақсаты: ата-анамен бірлесіп отбасылық тәрбиенің негізгі ережелерін талқылау. Мектепте ата-ананың оқу- тәрбие саласындағы рөлін айту.

2 сынып оқушыларының ата-аналарымен сынып жетекшісі Р.Ниязова «мен оқушы болғанда» атты ата-аналар жиналысын өткізді. Мақсаты: әр ата-ананың бала жанын түсіне білуіне жетелеу. Ата-аналар мен балаларда бір-біріне деген жылы қарым-қатынас орнату.

**Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселе.**

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық

демалуларына танып білу, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға,балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға,ғылыми , техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін артыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды.

Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке,өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді.

Құрман орта мектебінде балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдаланып сауықтырылуын және шығармашылығын дамытуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы тамақпен қамтылатын лагерь және мектеп жанындағы «Жарқын жаз» демалыс алаңы ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді. Лагерьдің жұмыс регламенті,жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аясында 5 оқушы Ақтөбе қаласындағы «Gampit», 7 оқушы Түркістан қаласындағы «Қуаныш» лагерінде демалды.

Барлық шаралар уақытылы жүргізіліп, іс-құжаттар жасақталып,мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар: Б.Аманбаева